

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Жалғыз акционерінің
шешімімен бекітілген
(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасы отырысының
2012 жылғы 2 тамыздағы
№92 хаттамасы)**

**2011 ЖЫЛҒА
«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Астана қ., 2012 жыл

Мазмұны

I. Компания туралы

1. Қызметі, пайымдау, стратегиялық мақсаты, құрылу тарихы және қызметінің негізгі түрлері
2. «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы, еншілес, бірлескен-бақылаудағы және өзге де ұйымдары
3. Жыл қорытындылары бойынша қызметтің, сондай-ақ серпінде соңғы үш жылдың басты нәтижелері
4. Басты нарықтар

II. Өндірістік қызмет

1. Мұнай тасымалдау және су беру
2. Инвестициялық жобалар
3. Тариф саясаты
4. Мұнай құбырларына рұқсатсыз кесекірулерді жою жөніндегі іс-шаралар
5. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
6. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесі

III. Топтық әлеуметтік жауапкершілік

1. Әлеуметтік саясат және жауапкершілік
2. Кадр әлеуетін және топтық әдепті дамыту
3. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

IV. Топтық басқару

1. Топтық басқару органдары
2. Директорлар кеңесінің құрамы
3. Басқарма құрамы
4. Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерін іріктеу, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін айқындау шарттары
5. Еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдармен өзара әрекет

V. Қаржы жағдайын және қаржы-экономикалық қызмет нәтижелерін талдау

VI. Тәуекелдерді басқару жүйесі

VII. 2011 жылдың негізгі оқиғалары

Қосымша

I. Компания туралы

1. Қызметі, пайымдау, стратегиялық мақсаты, құрылу тарихы және қызметінің негізгі түрлері

Қызметі

«ҚазТрансОйл» АҚ реттелетін қызметтеріне тұтынушылар қол жеткізуінің тең жағдайын қамтамасыз ете отырып, магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау бойынша сапалы, уақтылы, тиімді және бәсекеге қабілетті қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасы үшін мейлінше пайданы қамтамасыз ету.

Пайымдау

«ҚазТрансОйл» АҚ – өндірістік қызмет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласында аса үздік тәжірибеге сәйкес келетін замануи, әртараптандырылған мұнай құбыры жүйесімен мұнай тасымалдау бойынша қызметтердің кең ауқымын көрсететін жария, бәсекеге қабілетті және серпінді дамып отырған компания.

«ҚазТрансОйл» АҚ саладағы көшбасшы орнын ұстап тұруға әрі Қазақстан Республикасында және одан тысқары аса ірі мұнай тасымалдау жобаларына қатыса отырып, Қазақстан Республикасының мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық оператор болуға ұмтылады.

Стратегиялық мақсаты

Мынадай міндеттерді іске асыру арқылы компанияның нарықтық құнын (қор жинауын) көбейту:

- 1) мұнай тасымалы және жүк айналымы, су беру көлемін ұлғайту және бәсекеге қабілетті, сенімді және қауіпсіз қызметтер көрсету;
- 2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың және оның еншілес, бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметі тиімділігінің тұрақты өсімі және шығындарын оңтайландыру;
- 3) тиімді инвестициялық саясат және аса ірі мұнай тасымалдау жобаларына қатысу;
- 4) тұрақты ақша ағынын қолдауға бағытталған ойластырылған қаржылық стратегия;
- 5) топтық басқару, тәуекелдерді, адам ресурстарын басқару, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласында жоғары стандарттарды ұстап тұру.

Құрылу тарихы

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі №461 қаулысымен мемлекет жарғылық қорына 100 пайыз қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы («ҚазТрансОйл» МТҰК» ЖАҚ) құрылды.

2001 жылы «ҚазТрансОйл» МТҰК» ЖАҚ («ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта аталды) акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы №591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық қорына берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығымен «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының қосылу жолымен

қайта құрылуы негізінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды, ол «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың бірден-бір акционері болды.

«ҚазТрансОйл» ЖАҚ 2004 жылғы 31 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) болып қайта аталды.

Қызметінің негізгі түрлері


Қоғам қызметінің мәні: магистральды құбырлармен мұнай тасымалдау (айдау, ауыстырып құю, қотару, сақтау, араластыру) жөнінде қызметтер көрсету, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелерімен қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағдарлау бойынша операторлық қызмет), өзге заңды тұлғаларға тиесілі магистральды құбырларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру, магистральды құбырмен су беру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру, жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы, еншілес, бірлескен-бақылаудағы және өзге де ұйымдары

Қоғам құрамына төрт филиал кіреді: Батыс филиал (Атырау қ.), Шығыс филиал (Павлодар қ.), Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы (Астана қ.), Ғылыми-техникалық орталық (Алматы қ.).

Қоғамның Ресей Федерациясында Мәскеу, Самара, Омбы қалаларында үш өкілдігі және Украинада Киев қаласында бір өкілдігі бар.

Қоғамның құрылымы¹



¹ 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның құрылымы

Өндірістік активтер құрылымы

Қоғам мынадай өндірістік объектілерді пайдаланады (2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

Магистральды құбырлар:	
ұзындығы:	7 643,33 км
оның ішінде:	
магистральды мұнай құбырлары:	
ұзындығы:	5 495,23 км
магистральды суағызғылар:	
ұзындығы:	2 148,1 км
сұйыққойма парктері:	
	1 373,9 мың текше м.
оның ішінде:	
мұнайға арналған	1 259 мың текше м.
суға арналған	156,3 мың текше м.
мұнай айдау стансалары	39 дана
мұнай қыздыру стансалары/пункттері	7 дана
қыздыру пештері	64 дана
қотару-құю аспақұярлықтары	4 дана
бас тазарту құрылыстары	1 дана
су сорап стансалары	3 дана
су тазарту құрылыстары	1 дана

Қоғам мына ұйымдарда акцияларға (үлестерге) ие:

Еншілес, бірлескен-бақылаудағы (бұдан әрі – ЕББҰ) және өзге де ұйымдар



Ұйым	Қоғамның үлесі, %	Еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдар	Үлес, %
«ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ	100	«Мейірім КМО» ЖШС	100
«Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясы	100	Batumi Services Limited	100
		Batumi Capital Partners Limited	50
		Batumi Terminals Limited	52,19
«Мұнайтас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» АҚ	51	-	-
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС	50	KCP Finance B.V.	100
«Batumi Capital Partners Limited» компаниясы	50	Batumi Terminals Limited	47,81
«Қазақстан Халық банкі ЖЗҚ» АҚ	0,88	-	-

3. Жыл қорытындылары бойынша қызметтің, сондай-ақ серпінде соңғы үш жылдың басты нәтижелері

Негізгі шоғырландырылған өндірістік көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2010 ж. қарағанда 2011 ж., %
Мұнай тасымалдау көлемі ² , мың тонна	64 187	65 825	66 873	1,6
Мұнай жүк айналымы, млн. тн.км	38 709	41 351	42 244	2,2
Су беру, мың текше м	18 926	21 361	21 192	-0,8
Қызметшілер саны, адам	9 993	10 034	9 992	-0,4

Негізгі шоғырландырылған қаржы көрсеткіштері, млн. теңге

Көрсеткіштер	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2010 ж. қарағанда 2011 ж., %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін табыс	126 181	138 241	140 478	1,6
Өзіндік құны	71 443	82 407	96 299	16,8
Жалпы пайда	54 739	55 834	44 179	-20,9
Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда	28 395	26 082	32 673	25,2
Жиынтық пайда	15 538	19 618	25 945	32,2
Жыл аяғындағы активтер	325 333	418 715	450 029	7,5
Жыл аяғындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер	38 899	44 214	45 206	2,2
Жыл аяғындағы ағымдық міндеттемелер	43 632	36 186	33 324	-7,9
Капитал	242 803	338 315	371 498	9,8

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның шоғырландырылған активтері 450 млрд. теңгеге өсті, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 7,5% артық (418,7 млрд. теңге). Қоғамның негізгі қызметтен түскен шоғырландырылған табысы 2011 жылы 140,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2010 жылғы осындай көрсеткіштен (138,2 млрд. теңге) 1,6% артық және 2009 жылғы осындай көрсеткіштен (126,1 млрд.теңге) 11,3% артық. Қоғам кірістері өсуінің негізгі себебі 2011 жылы мұнай тасымалдау көлемінің өсуі.

Қоғамның жиынтық пайдасы 2011 жылы 25,9 млрд. теңге болды, бұл 2010 жылғы деңгейден 32,2% (19,6 млрд.теңге) артық.

² Мұнай тасымалдау көлемі «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясының мұнай өнімдерін ауыстырып құю бойынша деректерін қамтиды

4. Басты нарықтар

Теңіз, Қарашығанақ кеніштерінде мұнай өндірудің артуы, Қашаған кенішінде және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы басқа да кеніштерде өндіру басталуы есебінен таяу жылдары Қазақстан Республикасында мұнай өндірудің елеулі өсуі болжанып отыр. Бұл орайда Қоғамның негізгі ресурстық қоры болып табылатын құрылықтағы кеніштерде 2015 жылдан бастап өндіру деңгейінің төмендеуі болжанып отыр.

Қазақстан Республикасының және ТМД-ға қатысушы елдердің мұнай тасымалдау жүйелерінің өзара тығыз байланысын ескере отырып, мұнай тасымалдау көлемін арттыруда Қазақстан мұнайын тасымалдауды жүзеге асыратын Ресей, Өзірбайжан және Белоруссия құбыр тасымалы кәсіпорындарымен Қоғамның ынтымақтастығын нығайтудың маңызы зор.

Ресей Федерациясының мұнай құбыры жүйелері мұнай тасымалдаудың ең басым бағыттарының бірі болып табылады, Еуропаға мұнай жеткізу үшін мұнайдың едәуір көлемі соған бағытталады.

Қытайдың келешекті және тез дамып отырған нарығына Қоғам тасымалдайтын мұнайдың айтарлықтай үлесін «Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрап отыр.

Сонымен қатар Қазақстан мұнай компаниялары (жүк жөнелтушілер) үшін маңызды экспорттық бағыт Қоғам мұнайды құбыр көлігінен және темір жол көлігінен танкерлерге ауыстырып құюды жүзеге асыратын Ақтау Каспий кемежайы болып табылады.

Мұнайды экспортқа тасымалдаумен қатар Қоғам мұнайды Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына тасымалдауды қамтамасыз етеді, бұл ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету үшін маңызды міндет болып табылады.

II. Өндірістік қызмет

1. Мұнай тасымалдау және су беру

2011 жылы мұнай тасымалдау шоғырландырылған көлемі 66,9 млн тонна болды, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 1,6%-ға артық. Қоғамның құбыр жүйесімен мұнай тасымалдау көлемінің артуы мұнай-газ және өндіруші ұйымдардың мұнайды магистральды мұнай құбыры жүйелеріне беруді арттыруымен байланысты.

2011 жылы Қоғамның магистральды мұнай құбыры жүйесімен мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 42,2 млрд. тонна.км болды, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 2,2% артық.

2011 жылы «Атырау – Самара» мұнай құбырымен мұнай тасымалдау көлемі 15,4 млн. тонна болды (2010 жылы – 15,3 млн. тонна). 2011 жылдың қорытындылары бойынша «Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырына мұнай ауыстырып құю көлемі 10,9 млн. тонна мұнайды құрады, бұл 2010 жылмен (10,1 млн. тонна) салыстырғанда 0,8 млн. тонна мұнай артық.

Қоғам «Астрахань – Маңғыстау» суағызғысымен Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына Еділ суын беруді жүзеге асырады. 2011 жылы су беру көлемі 21,2 млн. текше метр болды, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 0,2 млн. текше метр кем.

2. Инвестициялық жобалар

Қоғам өзінің магистральды мұнай құбырлары жүйесін жүк жөнелтушілердің қажеттіліктеріне сәйкес жан-жақты және келешекті дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізуде.

2011 жылы «Batumi Industrial Holdings Limited»³ (бұдан әрі – BIHL) компаниялары тобының құрылымын Қоғам мен BIHL компаниялары тобының негізгі өндірістік активтері арасындағы аралық басқару деңгейлерін қысқарту және өндірістік емес активтерін жою мақсатында қайта құрылымдау жұмысы жалғастырылды.

Жүргізіліп жатқан BIHL компаниялары тобын қайта құрылымдау аясында 2011 жылы «Rodio Investments Ltd», «Dakino Investments Ltd», «Port Capital Partners Ltd» компанияларын «Batumi Terminals Ltd» компаниясымен біріктіру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Сондай-ақ «Petrotrans Ltd» компаниясымен біріктіру арқылы «Batumi Port Holdings Ltd» компаниясы жойылды.

2015 жылы BIHL компаниялары тобының құрылымын қайта құрылымдау аяқтау жоспарланып отыр.

3. Тариф саясаты

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам табиғи монополияның мына салаларында Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан әрі – ТМРА) төрағасының 2005 жылғы 24 қаңтардағы №16-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне кіргізілген:

- мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау қызметтері;
- су шаруашылығы және (немесе) көріз жүйелерінің қызметтері;
- жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) жабдықтау қызметтері;
- электр энергиясын беру және (немесе) бөлу қызметтері.

Бұдан басқа ТМРА төрағасының 2011 жылғы 24 наурыздағы №98-НҚ бұйрығымен Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне кіргізілді:

- тарату желілері арқылы су беру қызметтері;
- ақаба суларды бөліп әкету қызметтері.

Сөйтіп Қоғам 53 реттелетін қызметті көрсетеді.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне арналған тарифтер реттелетін қызметтер көрсету үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға әрі субъектінің тиімді қызметін қамтамасыз ететін табыс алу мүмкіндігін ескеруге тиіс. Реттелетін қызметтерге тарифтерді уәкілетті мемлекеттік орган – ТМРА бекітеді.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген Магистральды құбырлармен мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу әдістемесі ТМРА-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі №202 НҚ бұйрығымен бекітілген. Осы Әдістемеге сәйкес учаскелермен мұнай айдауға арналған тарифтер меншікті тариф, яғни 1 тонна мұнайды 1 000 км-ге айдауға арналған тариф негізінде есептеледі. Бұдан басқа, ТМРА-ның 2004 жылғы 5 шілдедегі №304-НҚ бұйрығымен Магистральдық труба құбырлары арқылы мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуші табиғи монополиялар субъектілерінің іске қосылған активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілді.

2011 жылы Қоғамның реттелетін мына қызметтеріне жаңа тарифтер белгіленген тәртіпте бекітілді:

- «Кеңқияқ» ЖӨДС-да мұнайды ауыстырып құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 83,03 теңге мөлшерінде;

³ Қоғам BIHL компаниясы акцияларының 100% пакетін 2008 жылы сатып алды

- «Мақат» МАС-та «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына мұнайды ауыстырып құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 1 071,57 теңге мөлшерінде;

- «Атырау» МАС-та Каспий құбыр консорциумы жүйесіне қыздырылмаған мұнайды ауыстырып құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 84,50 теңге мөлшерінде;

- «Атырау» МАС-та Каспий құбыр консорциумы жүйесіне қыздырылған мұнайды ауыстырып құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 125,49 теңге мөлшерінде;

- «Ақтау» БМАС-та мұнайды танкерге құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 259,87 теңге мөлшерінде;

- «Атырау» МАС-та мұнайды темір жол шандарына қотару жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 704,54 теңге мөлшерінде;

- «Атырау» МАС-та мұнайды темір жол шандарына құю жөніндегі қызметтерге арналған тариф 1 тоннаға ҚҚС есебінсіз 396,31 теңге мөлшерінде. Көрсетілген тарифтердің қолданысқа енгізілу мерзімі – 2012 жылғы 1 сәуір.

Бұдан басқа, 2011 жылғы 1 шілдеден Қоғамның реттелетін қызметтеріне жаңа тарифтер енгізілді:

- тарату желілері арқылы су беру қызметтеріне арналған тариф бір текше метрге ҚҚС есебінсіз 30,77 теңге мөлшерінде;

- ақаба суларды бөліп әкету арналған тариф бір текше метрге ҚҚС есебінсіз 44,03 теңге мөлшерінде.

4. Мұнай құбырларына рұқсатсыз кесекірулерді жою жөніндегі іс-шаралар

2010 жылғы қазанда Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мұнай және мұнай өнімдері жекелеген түрлерінің айналымы саласында жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілумен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің «Semser Security» ЖШС күзет ұйымы қызметкерлерімен қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу бойынша өзара әрекеттесуінің тиімділігі артты. Бұл шаралар оң нәтижелер беруде.

Егер 2010 жылы Қоғамның магистральды мұнай құбырларына, оның ішінде «Мұнайтас» СБҚК» АҚ және «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС магистральды мұнай құбырларына 161 заңсыз кесекіру тіркелген болса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 46 кесекіруді құрады. 2011 жылы кесекіру саны 71,4% кемігені көзге көрініп тұр.

Сөйтіп, құбырларға заңсыз кесекірулер, мұнайды ұрлағаны және оның заңсыз айналымы (мұнай құбырынан ұрлау, көрнеу қылмыстық жолмен алынған мұнай және мұнай өнімдерін сатып алу немесе өткізу, тасымалдау, сатып алу, сату, мұнайдың шығуын растайтын құжатсыз оны сақтау немесе қайта өңдеу, құбырларды қасақана бұзу немесе қирату) үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтуді көздейтін жоғарыда аталған Заңның қабылдануы құқыққа қарсы қол сұғушылық санын едәуір кемітуге мүмкіндік берді, ал бұрын жыл сайын өсіп отыру байқалатын, бұл кестеде көрсетілген.

2009 – 2011 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ ММ рұқсатсыз кесекіру саны туралы мәлімет			
Батыс филиал	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Жаңажол – Кеңқияқ	10	4	0
Әлібекмола – Кеңқияқ	0	1	1
Кеңқияқ – Ор	47	32	0
Өзен – Жетібай – Ақтау	2	3	5
Өзен – Опорная	0	0	0
МАС-3 – Қосшағыл	2	0	1
Өзен – Атырау – Самара	8	12	2
Қаламқас – Қаражанбас – Ақтау	7	5	0
Кеңқияқ – Атырау, «МұнайТас» СБҚК» АҚ	16	21	10
Кеңқияқ – Құмкөл, (0 – 394 км), «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС	27	23	0
Батыс филиал бойынша жиыны	119	101	19
Шығыс филиал	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Құмкөл – Қарақойын	23	9	1
Павлодар – Шымкент (Борсеңгір уч.)	6	3	2
Павлодар – Шымкент (Жуантөбе уч.)	3	1	0
Павлодар – Атасу – Қарағанды	2	7	2
Шымкент – Чарджоу	1	0	0
Павлодар – Шолаққорған – Шымкент	21	8	4
Кеңқияқ – Құмкөл (394 – 794 км), «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС	5	32	13
Атасу-Алашанкоу, «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС	0	0	5
Шығыс филиал бойынша жиыны	61	60	27
Қоғам мен ЕББҰ бойынша жиыны	180	161	46

Еліміздің неғұрлым қылмысты өңірлерінде орналасқан Қоғам мұнай құбырлары желілік бөлігінің қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін адам күзетінен басқа, күзеттің техникалық жүйесін енгізу және пайдалану жұмыстары жалғастырылуда. Жүйе мұнай құбырының күзет аймағына рұқсатсыз кесекіруге акустикалық бақылау әдісіне негізделген және нақты уақыт тәртібінде тәулік бойы бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

Рұқсатсыз кесекірулерді болдырмау үшін Қоғамның магистральды құбырларында 2009 – 2010 жылдары ықтимал жылыстаулар мен мұнай құбырының күзет аймағында бөгде адамдардың рұқсатсыз әрекеттерін анықтау бөлігінде мұнай құбырларын технологиялық айнала бақылауды қамтамасыз етуші күзет жүйесі енгізілді. Мұнай құбырларын күзету жүйесі рұқсатсыз кесекіруді жүзеге асыру ықтималдығы жоғары қылмысты аудандарда енгізілді.

Мұнай құбырларын күзету жүйесімен Қоғамның барлық мұнай құбырының 44%-ы қамтылды (мұнай құбырларын күзету жүйесі – 243,1 км, жылыстауларды анықтау жүйесі – 2 091,1 км).

5. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

Бүгінгі күні Қоғам ISO/IEC 27001:2005 ақпараттық қауіпсіздік халықаралық стандарты талаптарына сәйкестікке сертификатталған. Ақпараттық қауіпсіздікті

басқару жүйесі (бұдан әрі – АҚБЖ) сертификатының қолданылу саласы SAP R/3 жүйесінің FI модулі базасында қаржы құжаттамасын жүргізу үдерісі болып табылады. Қазіргі кезде АҚБЖ Қоғамның орталық аппаратында және «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалында ғана енгізілген.

АҚБЖ бизнес үдерістерін жақсарту аясында 2012 – 2013 жылдары АҚБЖ-ны Қоғамның Батыс және Шығыс филиалдарында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалында енгізу (қолданылу саласын кеңейту) жоспарланған.

Жақсартуға осындай қадамдардың бірі 2011 жылғы наурызда Қоғамның жоғары басшылығы үшін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша өткізілген конференция болды. Конференцияға BSI (Би-Эс-Ай) (Мәскеу қ.), Инфосистемы Джет (Мәскеу қ.), Информзащита (Мәскеу қ.), Аладдин-Россия (Мәскеу қ.) компаниялары, Symantec (Симантек) (Алматы қ.) өкілдігі қатысты.

2011 жылғы 30 мамыр – 2 маусым кезеңінде орталық аппарат пен «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы аудиторлары АҚБЖ бойынша ішкі аудитті жүргізді.

2011 жылғы 20 – 24 маусым кезеңінде АҚБЖ бойынша қайта сертификаттау аудиті өтті, қайта сертификаттау аудитін өткізу кезінде Қоғам сәйкестік деңгейін және АҚБЖ нәтижелілігін қуаттады, осыған орай сертификаттың қолданылуы 2014 жылға дейінгі мерзімге ұзартылды.

2011 жылы АҚБЖ аясында мынадай құжаттар әзірленді:

- Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№24 хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының әкімшілік ғимараты қауіпсіздігінің ықпалдастырылған жүйесін басқару және оған техникалық қызмет көрсету қағидасы;

- Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№24 хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының әкімшілік ғимаратына пұрсаттық және нысанішілік тәртіпті ұйымдастыру қағидасы.

Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерін АҚБЖ-мен таныстыру мақсатында көшпелі семинарлар ұйымдастырылды. Көшпелі семинарлар аясында қорғауға жататын ақпараттық және техникалық ресурстарды анықтау, ықтимал қатерлерді және ақпараттың тарап кету арналарын табу, бейнебақылау жүйесін және бақылау жүйесін тексеру көзделді.

2011 жылғы қазанда АҚБЖ-ны жаңарту және оның іркіліссіз қызметін қамтамасыз ету жоспарын сынақтан өткізу жүргізілді.

6. Ықпалдастырылған менеджмент жүйесі

2011 жылы Қоғам ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 талаптарына ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің сәйкестігіне қайта сертификаттау аудитін жақсы өткізді, оның нәтижелері бойынша DNV (Det Norske Veritas) сертификаттау органы жаңа үш жылдық мерзімге сәйкестік сертификатын берді.

Қоғамның 161 қызметкері (оның ішінде 146-сы – өндірістік қызметкер) Қоғам өндірістік нысандарында сапа, экология, денсаулық және қауіпсіздік менеджменті жүйелері бойынша семинар-кеңестер өткізілді.

III. Топтық әлеуметтік жауапкершілік

1. Әлеуметтік саясат және жауапкершілік

Қоғам қызметінің жоғары тиімділігіне әсер ететін уәждеуші факторлардың бірі мынадай бағыттарды қамтитын әлеуметтік саясат болып табылады:

- демеушілік (қайырымдылық) көмек;
- әлеуметтік төлемдер бойынша мәселелерді үйлестіру (қызметкерлерге және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек);

- өтемақылық сипаттағы төлемдер;
- Қоғам қызметкерлеріне медициналық қызмет жұмыстарын ұйымдастыру;
- спорттық іс-шараларды ұйымдастыру (фитнес-клубтарға, әмбебап залдарға, мұзайдындарға бару, сондай-ақ спартакиадалар мен турнирлер өткізу).

2011 жылы демеушілік (қайырымдылық) көмек аясында Қоғам халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне, балалар үйлеріне, ардагерлер мен мүгедектер қоғамдарына, қоғамдық мәні бар іс-шараларға, қоғамдық ғылыми ұйымдарға 1 284 млн. теңгеден артық сомаға қолдау көрсетті. Оның ішінде 1 000 млн. теңге Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендер үшін тұрғын үйлер салуға, 227 млн. теңгеден астамы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекіткен бағдарлама бойынша Өскемен, Семей, Көкшетау, Қостанай, Қарағанды және Петропавл қалаларында үлгі көп мақсатты спорт алаңдарын салуға бөлінді.

Қоғамда топтық мәдениетті қалыптастыруға, саламатты өмір салтын қолдауға және дамытуға септесетін мәдени-сауықтыру іс-шараларына үлкен көңіл бөлінеді.

Зиянды еңбек жағдайлары бар учаскелерде жұмыс істейтін қызметшілердің денсаулығына қамқорлық Қоғамның әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қоғам бизнестің әлеуметтік жауаптылығын сезіне отырып Қазақстан Республикасының халқына барынша көп пайданы қамтамасыз ету мақсатында Қоғам қызметкерлерінің және тұтас алғанда халықтың өміріне әлеуметтік жауаптылық бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды. Қоғам әлеуметтік жауапкершіліктің мынадай негізгі қағидаттарын ерекше назарға алады:

- айқындық/ашықтық;
- бастамашылық;
- экономикалық тиімділік;
- еңбек, жұмыспен қамту және өндірістік қатынастар мәселелерін әлеуметтік жауаптылықпен реттеу;
- қызметкерлердің және олардың отбасыларының еңбек, өмір жағдайларының сапасы;
- еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- өңірлердің экономикасы;
- спорт және мәдениет;
- Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) қызметі;
- әлеуметтік шығыстарға үздіксіз бақылауды жүзеге асыру;
- әлеуметтік қызметтер жүргізудің тиімділігін арттыру;
- бірлесіп қаржыландыру қағидаттарын іске асыру;
- әлеуметтік жауапкершілікпен инвестициялау;
- мердігерлермен және жеткізушілермен әлеуметтік жауапты қатынастар.

Қоғам іскерлік бедел үшін әлеуметтік қырлардың үлкен маңыз алып отырғандығына көзі жетіп отыр, әлемде осы үрдістің таралуын қолдайды және ол мыналарға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады:

- бизнестің іскерлік беделін арттыру, барлық мүдделі тараптармен – мемлекетпен, Жалғыз акционермен, тұтынушылармен, қызметшілермен, серіктестермен және т.б. тиімді және теңдестірілген қатынастар орнату;
- бизнес үдерісте туындайтын өндірістік емес тәуекелдерді тиімді басқару;
- серіктестермен және қызмет жеткізушілермен шарттық міндеттемелерді сапалы орындау арқылы бизнестің үдемелі дамуын қамтамасыз ету.

2. Кадр әлеуетін және топтық әдепті дамыту

Кадр әлеуетін дамыту

Қоғам кадр тарту, іріктеу, даярлау және дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

2010 жылғы 10 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесі Кадр саясатын бекітті. Қоғамның басты мақсаттарының бірі – қызметшілерді тиімді басқару, Қоғамның адам капиталын нығайту және дамыту, адам капиталында бәсекелестіктің басымдық алуы арқылы Қоғамның құнын арттыру.

Кадр саясатының басты басымдылықтары:

- жоғары кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- Қоғам қызметшілерін басқарудың озық әдістерін енгізу;
- Қоғамның әлеуеті жоғары қызметкерлерінің қорын басқару;
- Қоғамда жаңалықтарды және қайта құруларды қолдау;
- Қоғам қызметкерлерінің мінез-құлқын реттейтін бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, қонымдарды жасау және пысықтау.

Кадр саясатының негізгі қағидаттары:


- өзара қарым-қатынастың ұзақ мерзімді сипаты;
- қызметкерлер біліктілігінің жұмыс орындарына қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- Қоғам мен қызметкерлер мүдделерінің және мақсаттарының өзара байланысы;
- білім мен тәжірибенің сабақтастығы, қызметкерлердің дамуына және оқуына басым көңіл бөлу;
- сіңірген еңбегіне және қызметінде қол жеткізген нәтижелеріне қарай сыйақы беру мен жылжыту.

Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру – Қоғамның басымдықтарының бірі.

Қызметшілерді оқытудың қазіргі жүйесі – қойылған міндеттерді әлдеқайда тиімді орындауға мүмкіндік беретін қажетті білім мен машықты алу немесе дамыту үшін біліктілікті арттыру курстарынан өту арқылы компанияның әрбір қызметкеріне кәсіби дамуында тең мүмкіндіктер беру және қолдау.



Қоғамда қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру саласындағы стратегиялық мақсат – бизнес міндеттерді сапалы орындау үшін қызметшілерді кәсіби дайындауға қажеттілікке белсенді ден қоюға мүмкіндік беретін, Қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес қызметшілерді оқыту мен дамытуға бірыңғай топтық көзқарасты енгізу.

2009 – 2011 жылдары оқудан өткен Қоғам қызметкерлерінің саны



2011 жылы 285 оқыту іс-шарасы өткізіліп, оларға Қоғамның 7 508 қызметкері, оның ішінде 4 649 өндірістік қызметкер және 2 859 әкімшілік-басқарушылық қызметкер қатысты.

2009 – 2011 жылдары қызметшілерді оқытуға кеткен шығын



2011 жылы қызметшілерді оқытуға жұмсалған жалпы шығын 570 606 мың теңгені құрады, бір қызметкерді оқытудың орташа құны 75 998 теңге болды, бұл оқытудың топтық түрінің экономикалық тиімділігін дәлелдейді.

«Жас маман» бағдарламасы

Қоғамда 2002 жылдан «Жас маман» бағдарламасы жақсы іске асырылып келеді. Бағдарламаның мақсаты – ЖОО-ларды үздік бітірушілерді тарту және келешек мамандарды дайындау арналарын жасау, Қоғамның жас мамандарға қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Бұл бағдарлама аясында Қоғам оқу-өндірістік тәжірибеден өтуге жыл сайын 100-ден астам студентті қабылдайды.

«Кадр резерві» бағдарламасы

2011 жылы «Кадр резерві» бағдарламасын іске асыру жалғасты, ол ең мықты, ықтимал табысты қызметкерлерді анықтау және олардың қабілетін дұрыс пайдалануды қарастыру. Ішкі үміткерлердің бірыңғай базасын қалыптастыру – мамандарды, соның ішінде Қоғамда жоспарлы мансаптық даму арқылы жоғары білікті әрі келешекті қызметкерлерді ұстап қалуға, топтық білімді, машықты, білікті сақтау арқылы басшы лауазымдарға тағайындауға (сайлауға) іздестірудің басым нысаны.


Кадр резервін қалыптастыру мен дамыту саласындағы пайым – Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде дәйектілікті және жоғары тиімділікті қамтамасыз етуге қабілетті ішкі кадр әлеуетін ұдайы еселеу және өз басқару кадрларын тәрбиелеу арқылы ұйымның барлық деңгейінде келешекті, жоғары кәсіби әрі жоғары нәтижеге жетуге ұмтылған қызметкерлердің болуы, топтық мәдениетті дамыту, үздік бизнес жоспарлардың және топтық дәстүрлердің сабақтастығы.

2011 жылы кадр резервінің 8 үміткері Қоғам есебінен магистр бағдарламаларына оқуға бекітілді.

2011 жылы Қоғам қызметшілерінің қанағаттанушылығын бағалау жөнінде іс-шаралар жүргізілді, ол қызметкерлердің Қоғамның топтық мақсаттары мен міндеттерін білуі және түсінуі, Қоғам қызметшілерінің оның басшылығына сенімінің дәрежесін айқындауға, осы қанағаттанушылыққа едәуір дәрежеде әсер етуші материалдық және психологиялық ынталандыруды және басқаны анықтауға

мүмкіндік берді. Қоғам қызметкерлерінің қанағаттанушылық индексі 63,5%-ды⁴ құрады.

2010 – 2011 жылдары бөлімшелер бөлінісінде қанағаттанушылықтың орташа көрсеткіші (көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні)



Топтық әдеп

Қоғамның әдеп нормалары іскери қарым-қатынастың мынадай негізгі салаларын: лауазымды тұлғалармен және Қоғам қызметкерлерімен, Жалғыз акционермен, мемлекеттік органдармен, ЕББҰ-мен, іскери серіктестермен және жұртшылықпен өзара қатынастарын реттейді.

Қоғам іскери әдептің мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

- әділдік;
- әділеттілік;
- адалдық;
- ашықтық;
- жауаптылық.

3. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметі Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

2011 жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы жұмыстар жоспарымен көзделген еңбек жағдайларын жақсарту мен сауықтыру, өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі іс-шаралар белгіленген мерзімдерде жүргізілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасында болған 2009 жылғы 5 ақпандағы кеңес хаттамасының 21-тармағын орындау мақсатында Қоғамда бас директордың (Басқарма төрағасының) немесе оның орынбасарының төрағалығымен тұрақты түрде еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, экология мәселелері бойынша селекторлық кеңес өткізіліп отырады.

2011 жылы Қоғамның еңбек қауіпсіздігі жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының жұмыс жоспар-кестесіне сай Қоғам Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының нысандарына тексеру жүргізілді.

2011 жылғы 1 сәуірден «ҚазТрансОйл» АҚ-та еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды, экологияны басқару жүйесі» стандарты қолданысқа енгізілді. Осыған

⁴ 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы қызметшілердің қанағаттанушылық орташа көрсеткішінің төмендеуі қанағаттанушылық көрсеткішін есептеу кезінде «Самұрық-Қазына» топтық университеті» ЖМ қызметшілер қанағаттанушылығын есептеудің басқа әдістемесін (оң және теріс жауаптар қосындылары арасындағы айырма) қолданды

байланысты Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласына ішкі бақылау жүргізу тәртібі қайта қаралды және ішкі бақылау жүргізу жоспар-кестесі бекітілді, соған сай Қоғам Шығыс филиалы Үшарал, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармалары, сондай-ақ Қоғам Батыс филиалы Ақтөбе және Атырау мұнай құбыры басқармалары, «Қиғаш» ЖӨДС және «Атырау» ӨТҚЖЖБ нысандарында еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды, экологияны басқару жүйесіне аудит жүргізілді. Жоғарыда аталған құрылымдық бөлімшелерге аудит нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер мен байқаулар себептерін жою іс-шаралары бар іс-әрекетті түзетуші және алдын алушы жиынтық жоспар жасалды.

Қоғам Оқу-курстық комбинатында және арнайы курстарда 2011 жыл ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, экология тақырыптары бойынша Қоғамның 4 225 қызметкері, соның ішінде 1 274 адам инженер-техник қызметкер, 2 951 адам жұмысшы оқудан өтті.

2011 жылы Қоғамда қызметкерлердің өндіріспен байланысты жазатайым оқиғалары тіркелген жоқ.

2009 – 2011 жылдарда Қоғам қызметкерлерінің өндіріспен байланысты жазатайым оқиғаларының көрсеткіші

Көрсеткіштер	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Жазатайым оқиғалар саны	3	4	0

Дегенмен, 2011 жылғы 11 қазанда Батыс филиал Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Ақтау» бас мұнай айдау стансасында топ адамның жазатайым оқиғасы болды, онда №14 ТБҚС-ны тазалау жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер ұйымдар «Жайық Строй Люкс» ЖШС және «Құт Құрылыс Бастау» ЖШС жұмыскерлері зардап шекті. Нәтижесінде №14 ТБҚС-да 8 адам қаза болды, оның ішінде «Жайық Строй Люкс» ЖШС 5 жұмыскері және «Құт Құрылыс Бастау» ЖШС 3 жұмыскері.

Топ адамның жазатайым оқиғасының себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы №1175 қаулысымен Үкіметтік комиссия құрылды. Үкіметтік комиссияның арнайы тексеруінің нәтижелері бойынша болған жазатайым оқиғаның себептері және анықталған себептерді жою жөніндегі іс-шаралардың тізбесі көрсетілген арнайы тексеру актісі жасалды. Актіге сай осы топ адам жазатайым оқиғасы бойынша «Жайық Строй Люкс» ЖШС және «Құт Құрылыс Бастау» ЖШС басшылары мен жұмыскерлері кінәлі деп табылды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Қ. Мәсімовтің Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атына 2011 жылғы 3 қарашадағы №20-8/6304 тапсырмасына сәйкес Қоғам арнайы тексеру актісімен көзделген топ адамның жазатайым оқиғасының себептерін жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат жолдады. Бұдан басқа, бұл ақпарат Маңғыстау облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментіне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа да жіберілді.

2011 жылы Қоғам еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жүйесін қайта құру жұмысы жалғастырылды. Атап айтқанда, Қоғам филиалдары еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі қызметтері туралы ереже, сондай-ақ осы қызметтердің лауазымдық нұсқаулықтары бекітілді.

Еңбек қорғау іс-шараларына іс жүзіндегі шығындар 2009 жылы – 348,1 млн. теңге, 2010 жылы – 395,1 млн. теңге, 2011 жылы – 469,1 млн. теңге болды.

Қоршаған ортаны қорғау

Қоғамның табиғат қорғау қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарымен келісілген іс-шаралар жоспарына сай, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экология кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам 2011 жылы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен және оның құрылымдық бөлімшелерінен экологиялық рұқсаттар алды, Қоғамның рұқсат мерзімі біткен объектілері үшін 2012 жылға және кейінгі жылдарға табиғат қорғау іс-шаралары және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы жоспарлары келісілді.

Қоғам 2011 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2009 – 2015 жылдарға арналған кешенді экологиялық бағдарламасын орындау аясында қоршаған ортаға жағымсыз әсердің алдын алуға, оны тұрақтандыруға және сапасын жақсартуға бағытталған мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- атмосфера ауасын, жер асты, топырақ, жер үсті суларын және қыртыстарды бақылау;

- арнайы техника және жабдықтар қалдықтарын кәдеге жарату (шиналар, аккумуляторлар, пайдаланылған майлар және т.б.)

- эмиссияларды нормалау (шекті-жол берілетін шығарындылар, тастандылар, қалдықтар пайда болуы және т.б. нормативтерін әзірлеу).

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Қоғам жыл сайын өндірістік объектілерді қоршаған ортаны апатты ластанудан сақтандыруды жүзеге асырады. Есепті жылдың мамыр айында Қоғам нысандарын кезекті міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалды.

2011 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалы Қоғам нысандарында жылымық газ шығару көздеріне түгендеу жүргізді.

Түгендеу төлқұжаттары уәкілетті мемлекеттік органдарда белгіленген тәртіпте тіркеуден өтті.

Есепті кезеңде Қоғам ISO 14001 сапа, экология, денсаулық және қауіпсіздік ықпалдастырылған менеджмент жүйесі іс-шаралар жоспарына сай және Қоғамның ішкі стандарттары талаптарына сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде экологиялық астарларды өзектендіру және бағалау жүргізілді. 2011 жылға Қоғамның маңызды экологиялық астарлары тізілімі жасалды және бекітілді.

Экологиялық жәйттарды басқару және қалдықтармен жұмысты басқару саласындағы әдістеме жаңаланды.

2011 жылы жасалған шарттарға сай мыналар толық көлемде және белгіленген мерзімдерде өткізілді: объектілердегі экологиялық бақылау (ауа, су, топырақ мониторингі), эмиссияларды нормалау, істен шыққан люминесцентті шамдарды зарарсыздандыру, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, мұнай қойыртпағы мен мұнаймен ластанған топырақты кәдеге жарату, сондай-ақ Батыс және Шығыс филиалдарда бүлінген жерлерді қалпына келтіру, ағын суларды бұру және т.б.

2002 – 2011 жылдар кезеңінде Қоғамның 8 нысанында жиілікті-реттелетін жетектер енгізілді. Мысалы, «Қаламқас» МАС-та электр қуатын тұтынуды азайту есебінен жыл сайын 18 млн. теңге шамасында, «Үлкен Шаған» МАС-та жылына 20 млн. теңге шамасында қаражат үнемделді.

Есепті кезеңде Батыс филиал Құлсары мұнай құбырының ССС-8 және «Қиғаш» ЖӨДС нысандарында ескі қазандықтарды пайдалы әрекет коэффициенті үлкен әлдеқайда жаңғыртылғандарымен ауыстыру жұмысы жүргізілді, олар атмосфераға шығарындылар құрамында ластаушы заттардың кем болуына мүмкіндік береді.

Батыс филиал Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау» БМАС-та №15 және №16 сұйыққоймаларға 2 қалқыма орнатылды, бұл сұйыққоймалардан шығарындыларды 80%-ға дейін кемітуге мүмкіндік береді.

Батыс филиал «Ақтау» ӨТҚЖЖБ, Атырау, Құлсары мұнай құбыры басқармалары, Шығыс филиал Жезқазған мұнай құбыры басқармасы нысандарында көк екпелер отырғызылды және Шығыс филиал Павлодар мұнай құбыры басқармасы нысандарында күзет аймақтары абаттандырылды.

Қоғамның барлық нысанында автокөлік түтін газдарын күн сайын уыттылық пен түтінділікке бақылау жолға қойылған.

«Қоршаған ортаны қорғау» бабы бойынша шығындар көрсеткіші (экологиялық төлемдерді ескермегенде) мынаны құрады: 2010 жылы 937 млн. теңгені, 2011 жылы 873 млн. теңгені құрады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі көрсеткіштер кестесі

№ р/с	Деректер атауы	Өлшем бірлігі	2010 жыл	2011 жыл
1	Ластаушы заттар шығарындысы	тонна	23 588,932	25 601,703
2	Ағын сулар төгіндісі көлемі	мың м3	688,642	589,375
3	Төгіндідегі ластаушы заттар құрамы	тонна	156,458	178,063
4	Есепті кезеңде қалдықтың пайда болуы	тонна	9 196	15 038,37
5	Есепті кезеңде бүлінген жер	га	5,594	2,145
6	Бүлінген жер, барлығы бары	га	33	31
7	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жүргізілді	га	7,594	10,145
8	Экологиялық төлемдер	мың теңге	60 945	75 265,4
9	Табиғат қорғау іс-шараларына ағымдағы шығындар («ҚОҚ» бабы бойынша нақтысы)	мың теңге	823 811	873 195

Өрт қауіпсіздігі

2011 жылы Қоғамның нысандарын өрттен қорғау саласындағы іс-шаралар «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, өрт қауіпсіздігі қағидаларына, басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді және толық көлемде орындалды.

Қоғамның барлық нысаны өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен қамтамасыз етілген.

Есепті кезеңде Қоғамның жұмыс жоспары бойынша, сондай-ақ бекітілген кестеге сай мынадай іс-шаралар өткізілді:

- 1) өрт-тактикалық оқулар – 30 рет;
- 2) өрт-тактикалық жаттығулар – 816 рет;
- 3) көбік жіберу, суару сақинасына су беріп салқындату арқылы орнықты көбікпен өрт сөндіру қондырғыларының жұмыс қабілетін тексеру – 241 рет;
- 4) өрт сөндіру дабылының техникалық жай-күйін тексеру – 1 956 рет;
- 5) өрт-техникалық минимум бойынша 6 095 қызметкер оқыды.

Есепті кезеңде Қоғам нысандарында өрт және тұтану тіркелген жоқ.

Қоғамның өрт қауіпсіздігі іс-шараларына арналған шығындары 2011 жылы 1 219 млн. теңгені құрады.

IV. Топтық басқару

Қоғам топтық басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оның капитал тарту шығындарын азайту құралы деп біледі.

Қоғамда топтық басқаруды дамытудың мақсаты Қоғамда капиталдандырудың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру.

1. Топтық басқару органдары

Қоғамның топтық басқару органдары мыналар:

1. Жалғыз акционер – жоғарғы орган.

2. Директорлар кеңесі – Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директор.

3. Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

3. Басқарма Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырушы алқалы атқарушы орган.

Қоғамның Басқармасы жеті адамнан тұрады.

2. Директорлар кеңесінің құрамы (2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Нұртас Шманов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші өкіл

Уфа мұнай институтын «Мұнай-газ құбырларын, газ сақтау қоймаларын және мұнай базаларын жобалау және пайдалану» мамандығы бойынша, Қазақ мемлекеттік академиясының жанындағы Нарық институтын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша және Массачусет университетін (АҚШ, Бостон) университетін бітірген. Қазақстан Республикасының құбыр көлігі саласында 28 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. «Каспий құбыры консорциумы – Ресей», «Шеврон НефтеГаз», «ШевронМұнайГаз», «Шеврон Оверсиз Петролеум Инк.» компанияларында жауапты қызметтер атқарған.

2008 жылы Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) болды.

Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының көлік инфрақұрылымы жөніндегі орынбасары.

Арман Дарбаев – Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші өкіл

Мәскеу қаласындағы С. Орджоникидзе атындағы Мемлекеттік басқару академиясын «Құрылыста басқаруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірген. Жобаларды басқару және мұнай тасымалдау саласында он жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

1999 – 2002 жылдары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде жұмыс істеді, ірі инвестициялық жобалардың бірқатарын үйлестіруді жүзеге асырды. 2002 – 2004 жылдары Қоғамда әртүрлі қызметтер атқарды. Кейін мұнай және газ құбыр көлігі жобаларды басқару департаменті директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау жөніндегі атқарушы директоры болды.

Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ тасымалдау жобаларын басқару департаментінің директоры.

Дэниел Михалик – тәуелсіз директор

Мұнай-химия технологиясы ғылымдарының магистрі, іскери әкімшілік ету магистрі, заң ғылымдарының докторы. Толедо университетін (Огайо), Мичиган университетін, Хьюстон университетін (Техас) бітірген. Мұнай, газ және химия өнеркәсібіндегі жұмыс тәжірибесі 30 жылдан астам. Техника, заң және коммерция салалары бойынша жан-жақты білімді, АҚШ, Орталық Азия, Еуропа және Таяу Шығыста бірқатар жобаларды іске асыру бойынша мол тәжірибесі бар. «Getty & later Техасо Research & Eng» компаниясында бас инженер-зерттеуші, «Gaviota Terminal Co.» компаниясында менеджер болып жұмыс істеді. «Техасо Pipeline International» компаниясында өңірлік вице-президент, Қазақстан Солтүстік Каспий серіктестігінде

кеңесші болған. Қазіргі кезде Вашингтондағы Мұнай құбыры қауымдастығында Бас кеңесші.

Мұстафа Хабиб – тәуелсіз директор

Жаратылыстану ғылымдарының бакалавры, физика магистрі. Францияның Каен қаласында университет бітірген. Білімі – инженер электртехник, мұнайхимик. АҚШ, Орталық Азия, Еуропа, Африка, және Таяу Шығыста істеген үлкен жұмыс тәжірибесі бар. Ұзақ жылдар бойы Shell және Chevron сияқты компанияларда еңбек еткен. Шикі мұнай мен ілеспе өнімдер маркетингі және тасымалдау мәселелеріне жетекшілік етті. Теңізде меркаптандардан тазарту зауытын әзірлеуге және салуға қатысты. TengizChevroil компаниясында мұнай және газ тасымалдау балама бағыттарының маркетингі және дамыту жөніндегі бас менеджері, Лондонда Chevron Overseas Petroleum Inc. (COP1) компаниясында бас менеджер, «Chevron International» компаниясының вице-президенті болды.

Қайыргелді Қабылдин – бас директор (Басқарма төрағасы)

В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «электрондық есептеу машиналары» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-электрик. Мұнай-газ саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Еңбек жолын КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінде баптаушы инженер болып бастаған. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінде, «ҚазТрансОйл» АҚ МТҰК» ЖАҚ-та, «Мұнай және Газ көлігі» ҰК» ЖАҚ-та жауапты лауазымдарда болды. 2002 жылдан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көлік инфрақұрылымы және сервис жобалары жөніндегі басқарушы директоры, одан кейін вице-президенті болып істеді. 2007 жылы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2008 – 2011 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болды. 2011 жылғы қазаннан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).

3. Қоғам Басқармасының құрамы (2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Қайыргелді Қабылдин – бас директор (Басқарма төрағасы)

Талғат Таубалдиев – бас директордың орынбасары

1991 жылы И. М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай және газ өнеркәсібі институтын «Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – кен инженері. Техника ғылымдарының кандидаты.

Мұнай-газ саласында 1980 жылдан бастап жұмыс істейді. КСРО Геология министрлігі Каспий бойы мұнай барлау экспедициясында, «Оңтүстік мұнай құбыры» өндірістік бірлестігінде, «Теңізшевройл» БК-де, Қоғамның Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасында жұмыс істеді. 2004 – 2011 жылдары Қоғам бас директорының бірінші орынбасары, Батыс филиалының директоры, бас директорының бірінші орынбасары, бас директордың орынбасары лауазымдарында болды.

Әсем Нүсіпова – экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша бітірді, одан кейін 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасын «Экономика» мамандығы бойынша бітірді. 2003 – 2004 жылдар кезеңінде М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқу-ғылыми

тағлымдамадан өтті. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінде, Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Жүйелі зерттеулер орталығында жұмыс істеді. 2003 – 2005 жылдары Қазақстан Республикасы қаржы министрінің кеңесшісі қызметін атқарды, одан кейін 2005 – 2007 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жиынтық-талдау бөлімінің меңгерушісі болды. 2007 – 2008 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау вице-министрі болды. 2008 жылғы 31 желтоқсанда Қоғам бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметіне қабылданды, одан кейін экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры лауазымында жұмыс істеді.

Болат Отаров – тасымалдау жөніндегі басқарушы директор

1988 жылы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтын «Машина жасау технологиясы, металл кесуші станоктар және саймандар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-механик.

Мұнай-газ саласында 1988 жылдан бастап істейді. «Оңтүстік мұнай құбыры» ӨБ «Қаражанбастерммұнай» тәжірибелік-эксперименттік МГӨБ, «Комсомолмұнай» МГӨБ, «ҚаламқасМұнайГаз» МГӨБ жұмыс істеді. 1998 жылғы ақпанда Қоғамның Батыс филиалы директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары – тауар-көлік бөлімінің бастығы болып тағайындалды, кейін Қоғамның тасымалдау департаментінің директоры, тауар-көлік операциялары жөніндегі атқарушы директор, тасымалдау жөніндегі атқарушы директор, бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары, тасымалдау жөніндегі басқарушы директор лауазымында жұмыс істеді.

Алексей Пирогов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор

1980 жылы Грозный мұнай техникумын бітірді. 1992 жылы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтын бітірді. Техника ғылымдарының докторы.

1997 – 2004 жылдар кезеңінде Қоғамның Батыс филиалы мұнай құбырларын пайдалану бөлімінің бастығы, бас директордың өндіріс жөніндегі кеңесшісі, техникалық директор, бас директордың бірінші орынбасары лауазымдарын атқарды. 2004 – 2006 жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мұнай өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары және газ өнеркәсібі департаментінің директоры қызметтерін атқарды. 2006 жылғы 26 наурыздан бастап Қоғам бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне жұмысқа қайтадан қабылданды, 2009 – 2011 жылдары техникалық директор, өндіріс жөніндегі басқарушы директор лауазымында жұмыс істеді.

Местоев Руслан Ахмедович – бизнесті қолдау жөніндегі басқарушы директор

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін информатика және компьютерлендіру жөніндегі менеджер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық байланыс министрлігінің жанындағы «Казахинторг» мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының ЭЕМ операторы болып бастаған, одан кейін «Glencore International AG» өкілдігінде, «Внешинвест» корпорациясында, «Ұлар» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ЖАҚ-та, Атырау облысының әкімдігінде, «Қазақстан Халық банкі» ААҚ-та, «Мұнай және Газ көлігі» ҰК» ЖАҚ-та істеді.

2003 – 2007 жылдары Қоғамның келісімшарттар департаментінің директоры, одан кейін Мәскеу қаласындағы өкілдігінің басшысы болды. 2007 – 2008 жылдары «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ сатып алу жөніндегі басқарушы директоры боолып істеді. 2009 – 2011 жылдары Senior Contract Engineer, одан әрі Local Content Manager «KMG Kashagan B.V» ЧКОО филиалында жұмыс істеді. 2011 жылғы 4 қарашадан

бизнесті қолдау жөніндегі басқарушы директоры қызметіне тағайындалды.

Жайдарман Исақов – заң департаментінің директоры

1989 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі «Заңгер».

Еңбек жолын КСРО Қорғаныс министрлігі Сауда басқармасы №456 сауда-дайындау базасының заң кеңесшісі болып бастады, кейін заң компанияларында, «Тұранбанк» Қазақстан акционерлік банкінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде жұмыс істеді. Мұнай-газ саласында 2000 жылғы желтоқсаннан бастап істейді: «ҚазТрансГаз» ЖАҚ заң департаменті директорының орынбасары, «Мұнай және газ көлігі» ҰК ЖАҚ заң департаментінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ құқықтық қамтамасыз ету департаментінің бас заң кеңесшісі. 2002 жылғы 1 қазаннан бастап Қоғамның заң департаментінің директоры болып істейді.

4. Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерін іріктеу, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін айқындау шарттары

Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу және сайлау үдерісі белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның Жарғысымен және Топтық басқару кодексімен көзделген тәртіпте директорлыққа кандидат туралы жеткілікті деректер, кандидат пен Қоғамның өзара қатынастары туралы ақпарат (үлестестігі, ынтымақтастығы және т.б.), тәуелсіздік шарттары, тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және мінсіз беделі туралы мәліметтер негізінде белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылған.

Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидат және Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға болуы тиіс, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі басқа да мүшелерінің сеніміне ие, мінсіз беделі, кәсіби білімі мен біліктілігі бар, басшылық қызметтегі тәжірибесі үш жылдан кем емес, Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес саладағы тәжірибесіне артықшылық беріледі, оң жетістіктері мен іскери және салалық ортадағы беделі мінсіз болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Директорлар кеңесінің мүшесі болуға тиіс, ол Қоғамның үлестес тұлғасы болмайды және оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде (оның Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болуы жағдайын қоспағанда) болмаған, Қоғамның қосылма тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болмаған; Қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе Қоғамның үлестес тұлғалары – ұйымдарына бағыныштылық байланысы жоқ және оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде осы адамдармен бағыныштылық байланысы болмаған; мемлекеттік қызметкер емес; Қоғамның аудиторы емес және Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде аудитор болмаған; аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғам аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған.

Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, оның мүшелерін сайлау (тағайындау), олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Бас директорды (Басқарма төрағасын) сайлау (тағайындау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару Қоғам Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскери беделі болуы тиіс.

5. Еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдармен өзара әрекеттестік

Қоғам еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдардың (ЕББҰ) тиімді топтық басқару тетіктеріне негізделген теңгерімді дамуына ұмтылады. Акционер (қатысушы) ретіндегі өз құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғам ЕББҰ-мен өзара қарым-қатынастарды заңнаманың, Жарғының және Қоғам ішкі құжаттарының, ЕББҰ Жарғыларының талаптарына сай жүзеге асырады.

Қоғамның ЕББҰ-мен өзара әрекеттестігінің негізгі мақсаттары:

- Қоғамның және ЕББҰ-ның тұрақты қаржылық дамуын, қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- Жалғыз акционердің және ЕББҰ акционерлерінің (қатысушыларының) құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- Қоғамның және ЕББҰ-ның акционерлері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлесімдеу, олардың арасында және аталған топтар ішінде тартыстар туындауының алдын алу бойынша жүйелік шаралар қабылдау;
- Қоғамның және ЕББҰ-ның үйлестірілген және тиімді стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеу әрі іске асыру.

Қоғамдағы топтық басқарудың негізгі қағидаттары:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқаруы қағидаты;
- Қоғамның дербес қызметі қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және оның ашылу шынайылығы қағидаты;
- заңдылық және этика қағидаты;
- тиімді дивиденд саясаты қағидаты;
- тиімді кадр саясаты қағидаты;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- топтық тартыстарды және мүдделер тартысын реттеу қағидаты;
- жауапкершілік қағидаты.

Қоғам әлемдік озық тәжірибеге сәйкес топтық басқару саясатының кешенді жүйесін енгізді және оның талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Осы жүйе сәйкестікті қамтамасыз етудегі есептілікті белгілейді және топтық басқару жөніндегі басшылықты және ережелерді қамтиды. Топтық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі рәсімдерінің талаптарына сәйкестікке ішкі және сыртқы аудит жүргізеді.

Топтық басқарудың халықаралық стандарттар талаптарына жауап беретін тиімді жүйесін құру мақсатында Қоғам жыл сайын топтық басқаруды жетілдіру іс-шараларын әзірлейді және іске асырады.

Сондай-ақ Қоғамдағы басқару жүйесінің тиімділігін арттыру аясында мыналарға бағытталған Қоғамдағы ішкі топтық басқару жүйесін жетілдіру іс-шаралары жүзеге асырылуда:

- Қоғамның орталық аппараты құрылымдық бөлімшелері арасында, Қоғамның орталық аппараты мен филиалдары, өкілдіктері және Қоғамның ЕББҰ арасында жауапкершілік пен өкілеттіліктің айқын шекарасын қамтамасыз ету;
- басқарудың барлық деңгейіндегі бизнес-үдерістердің тұтастығын және олардың тиісінше орындалуына жеке жауаптылықты қамтамасыз ететін олардың реинжинирингін жүргізу;
- бизнес-үдерістерді кезең-кезеңімен автоматтандыру.

Ү. Қаржы жағдайын және қаржы-экономикалық қызмет нәтижелерін талдау

Қоғам қызметінің тиімділігі

Қоғамның аудиттен өткізілген шоғарыландырылған қаржы есептілігі негізінде (Қоғам компаниялары тобының Есеп саясаты бойынша) қызметтің шешуші көрсеткіштерінің орындалуы:

Атауы	Өлшем бірлігі	2010 жыл	2011 жыл
Экономикалық қосылған құн (EVA gross)	млн. теңге	- 14 329	- 14 809
Жұмыс істеп тұрған капиталдың рентабельділігі, кезең үшін орташа (ROACE)	%	7%	7%
ЕБИТ	млн. теңге	48 720	37 449
ЕБИТДА	млн. теңге	70 778	65 165
Ағымдағы өтімділігі		2	2
Өтем коэффициенті		99,7	468
ЕБИТДА/Margin	%	50%	45%
Еңбек өнімділігі	мың теңге	13 777	14 059
Таза пайда	млн. теңге	19 618	25 945
Саны	адам	10 034	9 992
Үлестік өзіндік құны	мың тг/тн.км	1 095	1 221
Күрделі шығындар*	млн. теңге	29 334	41 166

* пропорционал әдіс бойынша

Жұмыс істеп тұрған активтердің өсу қарқыны пайданың өсу қарқынынан жоғары болуына байланысты 2010 жылмен салыстырғанда EVA, ЕБИТДА, ЕБИТДА/Margin қоспағанда барлық шешуші көрсеткіш жақсарды.

2010 жылмен салыстырғанда үлестік өзіндік құнның 2011 жылғы өсімі өндірістік өзіндік құнға жұмсалған шығыстардың артуымен байланысты болды.

Еңбек өнімділігі артып, 14 059 мың теңге/адам болды, бұл ВИНЛ және «ҚазТрансОйл - Сервис» АҚ-ты қайта құру нәтижесінде адам санының кемуіне байланысты, сондай-ақ негізгі қызметтен кірістің артуы да әсер етті.

Қоғамның жекелеген көрсеткіштері

Қоғамның 2011 жылғы жалпы кірісі 126 522 381 мың теңге болды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 1% жоғары. Негізгі қызметтен кірістің өсімі мұнай тасымалдау көлемінің артуымен байланысты.

Қаржыландырудан түскен кіріс 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 28% немесе 619 693 мың теңге артты, бұл ақша қаражатты (2 637 961 мың теңге) екінші деңгейлі банкілерде депозиттерге орналастырумен байланысты. 2010 жылғы қызметтің қорытындылары бойынша 2011 жылы «Қазақстан Халық банкі ЖЗҚ» АҚ-тан 17 608 мың теңге сомада дивидендтер алынды.

Негізгі емес қызметтен алынған басқа кірістер айыппұлдар мен өсімақылардан алынған кірістермен (782 388 мың теңге), болашақ кірістер амортизациясынан түскен кірістермен (312 365 мың теңге), қаржы кепілдігінің амортизациясымен (136 070 мың теңге), сондай-ақ басқа қызметтен түскен кірістермен байланысты.

мың теңге

Көрсеткіштер	2010 жылғы факт	2011 жылғы факт	2010 ж. фактіге ауытқу	
			% орындалуы	мың теңге
Барлық кіріс, соның ішінде:	125 544 597	126 522 381	101%	977 784
Негізгі қызметтен кірістер	121 138 542	122 258 114	101%	1 119 572
Қаржыландырудан кірістер	2 190 455	2 810 148	128%	619 693
Басқа кірістер*	2 215 600	1 454 119	66%	-761 481
Барлық шығыс, соның ішінде	88 740 236	89 189 869	101%	449 633
Өндірістік өзіндік құн	68 322 050	80 330 110	118%	12 008 060
Жалпы және әкімшілік шығыстар	5 287 515	4 725 247	89%	-562 268
Қаржыландыруға шығыстар	779 179	237 832	31%	-541 347
Негізгі емес басқа қызметтерден шығыстар*	14 351 492	3 896 680	27%	-10 454 812
Топтық табыс салығы	7 853 109	7 869 141	100%	16 032
Жиынтық пайда	28 951 252	29 463 371	102%	512 119

* - бағамдық айырма сальдолаумен берілген

Қоғам бойынша жалпы шығыстар 2011 жылы 89 189 869 мың теңге болды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 1% жоғары. Өсімге өндірістік өзіндік құн шығыстарының 18% немесе 12 008 060 мың теңге өсуі ықпалы етті.

Өсім мынадай баптар бойынша байқалды:

- «Еңбек ақы қоры», бұл өндірістік қызметшілерге құнсыздану коэффициентіне жалақының көтерілумен байланысты;

- «Амортизация», «Салықтар», негізгі құралдарды қайта бағалаудың және мүлік салығы бойынша салық салынатын базаның артуының салдары. Бұдан басқа, 2011 жылы «Туймазы – Омбы – Новосибирск 2» мұнай құбыры қазақстандық бөлігі инфрақұрылымының ілеспе нысандарымен және жер телімдерімен Қоғамның орналастырылатын акцияларының төлемі есебіне 1 701 149 мың теңге сомаға теңгерімге алынуымен байланысты;

- «Күзет шығыстары», күзет қызметтеріне тарифтердің көтерілуімен байланысты: - ведомстводан тыс күзет бойынша (1 орын-сағат 316 783,8 теңгеден 426 320 теңгеге дейін, 1 ұтқыр топ 950 527 теңгеден 1 315 000 теңгеге дейін);

- «Авиақызметтер», қызметтер құнының өсуімен байланысты, ұшу сағаттарының саны 2010 жылғы деңгейде.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 2010 жылғы деңгейдің 89%-ын құрады, мұның себептері:

- Қазақстан Республикасы Салық комитетінің салық кінәраттары бойынша құрылған салық бойынша резервтен есепті кезеңде 3 718 848 мың теңге алынды, ол соттарда жеңіспен қайтарып алынды;

- іссапар шығыстары, байланыс қызметтері, кадрлар даярлау, ақпараттық қызметтер, банкілер қызметтері шығыстарының кемуі.

Қаржыландыру шығыстары 2011 жылы 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 69% төмендеді. Бұл ауытқу 5 жылдық клубтық қарызды 2010 жылы мерзімінен бұрын өтеумен байланысты.

Негізгі емес қызметтерден болған басқа шығыстар 2011 жылы 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 27% болды және мыналармен байланысты болды: актуарийлік залалдар 1 540 000 мың теңге, еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануынан залалдар – 1 804 355 мың теңге, бағамдық теріс айырма (сальдолау) – 348 759 мың теңге. 2010 жылдың басқа шығыстарында негізгі құралдарды қайта бағалау салдарынан активтердің 13 435 254 мың теңге құнсыздануынан болған залал көрсетілген.

Есепті кезеңде жиынтық пайда 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2% жоғары болды.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігі жеке алғанда
Кестеде Қоғам тиімділігінің коэффициенттері берілген:

Атауы	Өлшем бірлігі	2010 жыл	2011 жыл
Экономикалық қосылған құн (EVA)	млн. теңге	-3 982	-9 220
Жұмыс істеп тұрған капиталдың рентабельділігі, кезең үшін орташа (ROACE)	%	10%	9%
ЕБИТ	млн. теңге	47 529	37 203
ЕБИТДА	млн. теңге	67 730	62 711
Ағымдағы өтімділігі		2,1	2,3
Өтем коэффициенті		86,9	263,7
ЕБИТДА/Margin	%	56%	51%
Еңбек өнімділігі	мың теңге	15 639	15 779
Таза пайда	млн. теңге	28 951	29 463
Саны	адам	7 746	7 748
Үлестік өзіндік құны	мың тг/тн.км	1 095	1 221
Күрделі шығындар	млн. теңге	23 705	29 670

2010 жылмен салыстырғанда қызметтің негізгі шешуші көрсеткіштері төмендеді және мыналармен негізделді:

EVA, жұмыс істеп тұрған активтердің өсу қарқыны пайданың өсу қарқынынан жоғары болуымен байланысты;

ROACE, негізгі құралдарды қайта бағалау салдарынан өзіндік капиталдың өсуімен байланысты, бұл негізгі құралдар құнының артуына алып келді.

«Еңбек ақы қоры», «Авиақызметтер», «Ведомстводан тыс күзет», «Электр қуаты», «Қоршаған ортаны қорғау», баптары бойынша шығыстардың артуымен, сондай-ақ ағымдық жөндеу және іске қосу-баптау жұмыстарының жүргізілуімен байланысты мына көрсеткіштердің мәндері нашарлады:

- мұнай тасымалдаудың өзіндік құны;
- ЕБИТДА/Margin.

2011 жылы күрделі қаржы салымы 29 670 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы деңгейден 5 965 млн. теңге көп.

Дивидендтер

2011 жылы Қоғам 2010 жылдың қорытындылары бойынша 19 330 798 мың теңге дивиденд төледі, бұл 2009 жылдың қорытындылары бойынша төленген дивидендтермен салыстырғанда 263% жоғары.

Көрсеткіштер	мың теңге			
	2010 жылғы факт	2011 жылғы факт	Ауытқу, %	Ауытқу, мың теңге
Дивидендтер	7 340 280	19 330 798	263%	11 990 518

ҮІ. Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қызметтің тиімділігін арттыру, құнды мейлінше көтеру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда тәуекелдерді басқарудың топтық жүйесін енгізу және жетілдіру жөнінде әдісті де дәйекті жұмыс жүргізілуде.

2011 жылы тәуекелдерді басқарудың топтық жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша жүргізілген жоталы іс-шаралар мыналар:

- Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерімен тәуекелдерді басқарудың мақсаттарын, міндеттерін, негізгі қағидаттарын, тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылардың өкілеттігін және жауапкершілігін айқындайтын «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты және Тәуекелдерді басқарудың топтық жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 – 2014 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйелері бекітілді;

- Басқарманың шешімдерімен «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару қызметі туралы ереже бекітілді және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2012 – 2014 жылдарға арналған тәуекелдерді басқару бағдарламасы мақұлданды;

- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыру қағидасының және «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді анықтау және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі әзірленіп, келісілді;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сақтандыру топтық бағдарламасы аясында Қоғам мүлкін зияннан ерікті сақтандырудың 2011 жылға арналған шартын жасау және бақылау жұмысы жүргізілді;

- Қоғамда тәуекел-мәдениетті көтеру мақсатында мынадай семинарлар мен таныстырулар өткізілді:

1) орталық аппарат құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері үшін «Тәуекелдерді басқару жүйесін құру және компанияда бизнестің үздіксіздігін басқару» тақырыбына топтық семинар;

2) «Тәуекелдерді басқару әдістері және «ҚазТрансОйл» АҚ-та оларды енгізу мәселелері» деген таныстыру, оның аясында өндірістік тәуекелдерді басқару және инвестициялық жобалар тәуекелдерін басқару саласындағы негізгі көзқарастар талқыланды;

3) өндірістік тәуекелдерді бағалауға негізделген өндірісті басқару жүйесіне көшудің негізгі қағидаттары жан-жақты сипатталған «Өндірістік тәуекелдерді басқару» деген таныстыру.

ҮІІ. 2011 жылдың негізгі оқиғалары

«Самұрық-Қазына» ХӘҚ АҚ Басқармасының 2011 жылғы 10 қазандағы шешімімен (№43/11 хаттама) Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Н. С. Сұлтанның өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылды және Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) болып Қ. М. Қабылдин сайланды.

Осыған байланысты Қоғам Жалғыз акционерінің 2011 жылғы 12 қазандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Н. С. Сұлтанның өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылды. Осы шешіммен Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына тұтасымен Директорлар кеңесі үшін белгіленген мерзімге Қ. М. Қабылдин сайланды.

1. Елбасының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының XIII съезінде 2011 жылғы 11 ақпанда берген тапсырмасына сәйкес Қоғам «Халықтық IPO» бағдарламасына сәйкес акциялар пакетін қазақстандық қор нарығына шығаруға дайындықты бастады. Қоғам акцияларын орналастыруды 2012 жылы жүзеге асыру жоспарланған.

2. «Туймазы – Омбы – Новосибирск 2» мұнай құбырының қазақстандық бөлігі инфрақұрылымының ілеспе нысандарымен және жер телімдерімен Қоғамның орналастырылатын акцияларының төлемі есебіне 1 701 149 мың теңге сомаға Қоғам теңгеріміне алынды.

3. Moody's халықаралық дәрежелер агенттігі Қоғамның дәрежесін Ваа3 деңгейінде қуаттады. Moody's өзінің дәрежелер есебінде дәрежелер Қоғамның кредит қабілетінің негіздік бағамы компанияның берешек жүктемесінің төмендігімен, кіріс көзінің тұрақтылығымен, тарихи сенімді рентабельділігімен және салыстырмалы

түрде төмен пайдалану және қаржы тәуекелдерімен қуатталатын күшті қаржы бейініне сүйенетіндігін атап көрсетті.

4. Fitch халықаралық дәрежелену агенттігі Қоғам дәрежесін BBB- деңгейінде болжамы «Тұрақты» деп қуаттады.

5. Standard & Poor's халықаралық дәрежелену агенттігі Қоғамның кредиттік дәрежесін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне көтерді. Болжам – «Тұрақты».

6. Қоғам ISO 9001, 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкестікке жаңа үш жылдық мерзімге қайта сертификаттаудан табысты өтті. Қоғамның 38440351-2.001-2010 стандартында белгіленген халықаралық қағидаттарға сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, экология бойынша басқарудың жаңа жүйесін енгізу басталды. Бақылаудың жаңа жүйесіне сай аудиттер өткізілді.

7. «ҚазТрансОйл» АҚ-та шығындарды басқарудың 2012 – 2016 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаны іске асыру өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды оңтайландыруды қамтамасыз етуге еңбек өнімділігін және рентабельділік көрсеткіштерін көтеруге мүмкіндік береді.

8. BIHL компаниялары тобының 4 компаниясы: «Batumi Port Holdings Ltd», «Rodio Investments Ltd», «Dakino Investments Ltd» және «Port Capital Partners Ltd» жойылды.

9. «Жаңажол – Кеңқияқ» мұнай құбырының қосымша учаскесін жұмыс істеп тұрған «QinetiQ Optasense» күзет жүйесіне кіріктіріп, «Әлібекмола БМАС – «Жаңажол – Кеңқияқ» мұнай құбырының 20 км» мұнай құбырын күзету жүйесі енгізілді.

10. SCADA жүйесінің 2-кезегін енгізу аяқталды, 2011 жылғы желтоқсанда SCADA жүйесі және «Екібастұз» МАС пен «Мартыши» МАС қауіпсіздік жүйелері пайдалануға енгізілді. Жоба аясында автоматтандыру жүйесі, автоматты өрт сөндіру және өрт дабылы жүйесі қайта құрылды, жаңа бақылау-өлшеу аспаптары орнатылды, апатқа қарсы қорғаныш жүйесі енгізілді.

11. ТМРА төрағасының 2011 жылғы 24 наурыздағы №98-НҚ бұйрығымен Қоғам реттелетін қызметтерің мына түрлері бойынша Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне кіргізілді:

- тарату желілері арқылы су беру қызметтері;
- ақаба суларды бөліп әкету қызметтері.

12. Қоғамның Шығыс филиалында Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ-тың инновациялық-технологиялық дамуы бағдарламасына іске асыру аясында Павлодар орталық диспетчерлік пунктін іске қосу жүзеге асырылды. Орталық диспетчерлік пунктті іске қосудағы негізгі мақсат диспетчерлік қызметтерді қоса алғанда мұнай құбырларын басқару сатылы құрылымын дәйекті түрде қайта құру еді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма отырысының 2012 жылғы № _____ хаттамасы)
«ҚазТрансОйл» АҚ 2011 жылға жылдық есебіне қосымша

1. Жасалуына «ҚазТрансОйл» АҚ мүдделі 2011 жылы «ҚазТрансойл» АҚ жасаған мәмілелер тізбесі

№	Ұйым атауы және мәмілелер	Қоғам органының шешімі
«Теңізшевройл» ЖШС		
1	- өнім («франко-тасымалдаушы» шартында құбырмен құрғақ газ) сатып алу және сату туралы шарт	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі шешімі (№ 4/2011 хаттама)
2	- көлік экспедициясы шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
3	- мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарт	
4	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 1 312 500 м3 көлемінде техникалық су және «Құлсары – Прорва – Сарқамыс» суағызғысымен 1 935 112 м3 көлемінде ауызсу беру қызметтері)	
«Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ		
5	- аяқталмаған құрылысты сатып алу-сату шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 3 маусымдағы шешімі (№6/2011 хаттама)
6	- Павлодар қаласында Усоль шағын ауданында орналасқан 100 пәтерлі тұрғын үйдің аяқталмаған құрылысының кепілзат шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 20 қазандағы шешімі (№12/2011 хаттама)
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС:		
7	- «Құмжарған – «Мұнайшы» вахта кенті» суағызғысымен су беру қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 19 шілдедегі шешімі (№8/2011 хаттама)
«Қазкоммерц Секьюритиз» АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы		
8	- «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын қазақстандық қор нарығына орналастыру жөнінде кеңесшілік қаржы қызметтерін сатып алу туралы шарт	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 29 қарашадағы шешімі (№13/2011 хаттама)

«Каспий құбыры концорциумы – К» АҚ		
9	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 11 000 м3 көлемінде техникалық су және «Құлсары – Прорва – Сарқамыс» суағызғысымен 11 000 м3 көлемінде ауызсу беру қызметтері)	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ		
10	- Қоғам Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Қаламқас» БМАС үшін ыстық су жылу энергиясын беру (тұтыну) шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 3 маусымдағы шешімі (№6/2011 хаттама)
11	- Қоғам Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Қаламқас» БМАС және «Қаражанбас» МАС қажеттіліктері үшін сумен жабдықтау қызметтерін көрсету шарты	
12	- Қоғам Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Қаражанбас» МАС өндірістік қажеттіліктері үшін табиғи газ беру және қабылдау шарты	
13	- көлік экспедициясы шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
14	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 2 284 056 м3 көлемінде техникалық су беру қызметтері)	
«Қаражанбасмұнай» АҚ		
15	- көлік экспедициясы шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
16	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 5 477 982 м3 көлемінде техникалық су беру қызметтері)	
«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ		
17	- мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарт	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
«Инвестициялар рентабельділігін зерттеу агенттігі» ЖШС		
18	- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету қызметтерін сатып алу шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы шешімі (№14/2011 хаттама)
«Самұрық-Қазына» топтық университеті» ЖМ		
19	- «ҚазТрансОйл» АҚ HR-кеңесшілік қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешімі (№15/2011 хаттама)
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС		
20	«Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбырын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы шешімі

21	«Атасу-Алашаңқай» мұнай құбырын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт	(№14/2011 хаттама)
«Қазақтелеком» АҚ		
22	- Қоғамның орталық аппараты қажеттіліктері үшін қалалық нөмірлер беру қызметтерін (телефон байланысы және телекоммуникацияның басқа да қызметтері) сатып алу шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 3 маусымдағы шешімі (№6/2011 хаттама)
23	- телефон арналарында желілер беру қызметтерін сатып алу шарты	
24	- «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы қажеттіліктері үшін қалалық нөмірлер беру қызметтерін (телефон байланысы және телекоммуникацияның басқа да қызметтері) сатып алу шарты	
25	- «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы қажеттіліктері үшін жергілікті, қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерін беру шарты	
26	- телекоммуникация жабдығын орнату үшін тұрғын үй емес жайды жалдау шарты	
27	- Қоғамның орталық аппараты қажеттіліктері үшін жергілікті, қалааралық, халықаралық байланыс, ADSL қызметтерін сатып алу шарты	
28	- Ақтөбе – Астана деректер беру арнасын ұйымдастыру қызметтерін беру шарты	
29	- Астана – Мәскеу деректер беру арнасын ұйымдастыру және Интернет желісіне шығу қызметтерін беру шарты	
30	- Алматы – Астана деректер беру арнасын ұйымдастыру қызметтерін беру шарты	
31	- Қоғам Батыс филиалының Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы қажеттіліктері үшін жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосу шарты	
32	- Батыс филиал Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы БА үшін телекоммуникация қызметтерін көрсету шарты	
33	- Қоғам Шығыс филиалының Үшарал мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт	
34	- Қоғам Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт	
35	- Қоғам Батыс филиалы Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының учаскесінде РРЖ радиореле желісі жабдығы үшін тұрғын үй емес жайды жалдау шарты (Заречный кенті)	
36	- Қоғам Шығыс филиалының Павлодар мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт	

37	- Қоғам Шығыс филиалының Қарағанды мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
38	- Қоғам Шығыс филиалының Жезқазған мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
39	- Қоғам Шығыс филиалының Шымкент мұнай құбыры басқармасы үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
40	- Созақ МАС үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
41	- Атасу БМАС үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
42	- Қоғам Шығыс филиалының Павлодар мұнай құбыры басқармасы қажеттіліктері үшін кабель арналандыру арналарын (немесе арнаның бір бөлігін) жалдау шарты
43	- Қоғам Шығыс филиалының Қарағанды мұнай құбыры басқармасы қажеттіліктері үшін кабель арналандыру арналарын (немесе арнаның бір бөлігін) жалдау шарты
44	- Қоғам Шығыс филиалының Жезқазған мұнай құбыры басқармасы қажеттіліктері үшін кабель арналандыру арналарын (немесе арнаның бір бөлігін) жалдау шарты
45	- Қоғам Шығыс филиалының Қарағанды мұнай құбыры басқармасы қажеттіліктері үшін кабель арналандыру арналарын (немесе арнаның бір бөлігін) жалдау шарты
46	- Қоғам Шығыс филиалы Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармасының Петерфельд МАС қажеттіліктері үшін үй-жай меншік иесі емес абоненттерге телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
47	- Қоғам Шығыс филиалы Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармасының Булаев МАС қажеттіліктері үшін үй-жай меншік иесі емес абоненттерге телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт
48	- Қоғам Шығыс филиалы Павлодар мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін телекоммуникация жабдығын орнатуға тұрғын үй емес жайды жалдау шарты
49	- Қоғам Шығыс филиалы Қарағанды мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін (технологиялық мақсаттағы нысандар үшін) телекоммуникация жабдығын орнатуға тұрғын үй емес жайды жалдау шарты
50	- Қоғам Шығыс филиалы Жезқазған мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін (технологиялық мақсаттағы нысандар үшін)

	телекоммуникация жабдығын орнатуға тұрғын үй емес жайды жалдау шарты	
51	- Қоғам Шығыс филиалы Үшарал мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт	
52	- Қоғам Шығыс филиалы Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін үй-жай меншік иесі емес абоненттерге телекоммуникация қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шарт	
53	- Қоғам Шығыс филиалы Жезқазған мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін «Қазақтелеком» АҚ желісіне жергілікті деңгейдегі топтық желі иесін қосу (жалғау) кезінде желілік ресурстарды ұсыну туралы шарт	
«Қазақтелеком» ААҚ «GSM (Джи Эс Эм) Қазақстан ЖШС		
54	- K-Cell ұялы байланыс қызметтерін сатып алу шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 12 наурыздағы шешімі (№3/2011 хаттама)
55	- Қоғамның Шығыс филиалы қажеттіліктері үшін K-Cell ұялы байланыс қызметтерін тоспа арқылы көрсету шарты	Қоғам Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 3 маусымдағы шешімі (№6/2011 хаттама)
«Авиакомпания «Евро-Азия Эйр» АҚ		
56	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс және Шығыс филиалдары нысандары орналасқан аудандарда ұшуларды орындау үшін әуе кемелерінде – МИ-8 тікұшақтарында авиация қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 24 қаңтардағы шешімі (№2 хаттама)
57	- Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс және Шығыс филиалдары нысандары орналасқан аудандарда және ұшуларды орындау үшін әуе кемелерінде – ұшақтарда авиация қызметтерін көрсету шарты	
58	- «Еуропа-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ-тың әуе кемелерінде – МИ-8 тікұшақтарында авиация қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
59	- «Еуропа-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ-тың әуе кемелерінде авиация қызметтерін көрсету шарты	
«Қазпочта» АҚ		
60	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы басқару аппаратының, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Атырау және Құлсары мұнай құбыры басқармаларының, «Атырау» ӨТҚЖЖБ, «Қиғаш» ЖӨДС қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 24 қаңтардағы шешімі (№2 хаттама)
61	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының, Оқу-курстық	

	комбинатының, жоба-смета бюросының қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
62	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Ақтөбе мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
63	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Орал мұнай құбыры басқармасының және «ҚПО» ЖӨДС қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
64	- «ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалы қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
65	- «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
66	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы басқару аппаратының, «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Павлодар, Қарағанды, Жезқазған және Шымкент мұнай құбыры басқармаларының, ӨТҚЖЖБ қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
67	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы «Арал» ЖӨДС қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
68	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
69	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Үшарал мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін мерзімді баспа өнімдерін сатып алу шарты	
70	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Қарағанды және Жезқазған мұнай құбыры басқармаларының қажеттіліктері үшін почта байланысы қызметтерін сатып алу-сату шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 4 наурыздағы шешімі (№5 хаттама)
71	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы басқару аппаратының, Павлодар мұнай құбыры басқармасының және ӨТҚЖЖБ үшін почта байланысы қызметтерін сатып алу-сату шарты	
72	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы басқару аппаратының, Павлодар мұнай құбыры басқармасының және ӨТҚЖЖБ үшін абонент жәшігін жалдау қызметтерін көрсету шарты	
73	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Солтүстік Қазақстан мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін арнайы байланыс (өзге де) қызметтерін көрсету шарты	
74	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Үшарал мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін арнайы байланыс негізгі қызметтерін көрсету шарты	

75	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы басқару аппаратының қажеттіліктері үшін арнайы байланыс негізгі қызметтерін көрсету шарты	
76	- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының қажеттіліктері үшін арнайы байланыс (бірлескен құпия жұмыстар жүргізуге) қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 11 шілдедегі шешімі (№23 хаттама)
77	- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының қажеттіліктері үшін арнайы байланыс (бірлескен құпия жұмыстар жүргізуге) қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
78	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы қажеттіліктері үшін арнайы байланыс қызметтерін көрсету шарты	
«Интергаз Орталық Азия» АҚ:		
79	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Жетібай МАС, 112 км МҚС, Сайөтес МҚС, Бейнеу МАС, Опорная МҚС, 663 км МАС, Атырау МАС, Индер МАС және қиғаш ЖӨДС үшін табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 24 қаңтардағы шешімі (№2 хаттама)
80	- 2010 жылғы 28 желтоқсандағы №DG 15/2011//003-01-10D табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шартына №1 қосымша келісім (табиғи газ тасымалдау қызметтеріне жаңа тарифті 2011 жылғы 1 тамыздан енгізу)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 1 тамыздағы шешімі (№25 хаттама)
81	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 91 656 м3 көлемінде техникалық су беру қызметтері)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы шешімі (№35 хаттама)
82	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 80 952 м3 көлемінде техникалық су және «Құлсары – Прорва – Сарқамыс» суағызғысымен 25 799 м3 көлемінде ауызсу беру қызметтері)	
83	- табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«Semser Security» ЖШС		
84	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Үшарал мұнай құбыры басқармасы нысандарын күзету қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 қаңтардағы шешімі (№3 хаттама)
85	- 2010 жылғы 30 желтоқсандағы №US 30/2011 күзет қызметтерін көрсету туралы шартқа №1 қосымша келісім (күзет орындарының орналасқан жерлерін өзгерту)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 1 тамыздағы шешімі (№25 хаттама)
86	- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппараты және «ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы нысандарын күзету қызметтерін көрсету шарты	

87	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы нысандарын күзету қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
88	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы нысандарын күзету қызметтерін көрсету шарты	
89	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Үшарал мұнай құбыры басқармасы нысандарын күзету қызметтерін көрсету шарты	
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ		
90	«Туймазы – Омбы – Новосибирск 2» (ТОН-2) мұнай құбырының қазақстандық бөлігін инфрақұрылымының ілеспе нысандарымен және инфрақұрылымының осы нысандарын орналастыру үшін бөлінген жер телімдерімен «ҚазТрансОйл» АҚ-тың сенімгерлікпен басқаруына беру	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 4 наурыздағы шешімі (№5 хаттама)
«Урихтау Оперейтинг» ЖШС атынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ		
91	- мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 11 шілдедегі шешімі (№23 хаттама)
«Маңғыстау таратушы электр желілік компаниясы» АҚ		
92	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының қажеттіліктері үшін электр қуатын беру және тарату қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 10 наурыздағы шешімі (№6 хаттама)
93	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы №9 және №10 айлақтарының қажеттіліктері үшін «Маңғыстау таратушы электр желілік компаниясы» АҚ желісі арқылы электр қуатын беру және тарату қызметтерін көрсету шарты	
94	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Солтүстік Бозащы» мұнай айдау стансасының қажеттіліктері үшін «Маңғыстау таратушы электр желілік компаниясы» АҚ желісі арқылы электр қуатын беру және тарату қызметтерін көрсету шарты	
95	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының нысандары үшін «Маңғыстау таратушы электр желілік компаниясы» АҚ-тың электр қуатын беру және тарату қызметтерін көрсетуі шарты	
«ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» АҚ		
96	- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсетуі шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 15 сәуірдегі шешімі (№10 хаттама)
«Семсер - Өрт сөндіруші» ЖШС		
97	- «ҚазТрансОйл» АҚ пен «Семсер - Өрт сөндіруші» ЖШС арасында өзара қарыздарды өтеу	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 15 сәуірдегі шешімі (№10 хаттама)

98	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы нысандарын өрттен қорғау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы
99	- «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы нысандарын өрттен қорғау қызметтерін көрсету шарты	27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«МұнайТас» СБҚК» АҚ		
100	- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың «Кеңқияқ – Атырау» магистральды мұнай құбырын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуіне арналған шарт	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 6 мамырдағы шешімі (№14 хаттама)
«ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ		
101	- 2010 жылғы 28 желтоқсандағы №WDW 260/2010 магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шартына №1 қосымша келісім	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 31 мамырдағы шешімі (№19 хаттама)
102	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 165 000 м3 көлемінде техникалық су беру қызметтері)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы шешімі (№35 хаттама)
103	- көлік экспедициясы шарты - мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы шешімі (№36 хаттама)
«KMG EP - Catering» ЖШС		
104	- 2010 жылғы 24 қарашадағы №WDW 249/2010 магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шартына №1 қосымша келісім	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 31 мамырдағы шешімі (№19 хаттама)
105	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 280 000 м3 көлемінде техникалық су беру қызметтері)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы шешімі (№35 хаттама)
«ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» АҚ		
106	- 2010 жылғы 24 қарашадағы №WDW 250/2010 магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шартына №2 қосымша келісім (су көлемін көбейту)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 18 қазандағы шешімі (№29 хаттама)
107	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 148 875 м3 көлемінде техникалық су және «Құлсары – Прорва – Сарқамыс» суағызғысымен 180 492 м3 көлемінде ауызсу беру қызметтері)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы шешімі (№35 хаттама)
	- көлік экспедициясы шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы шешімі (№36 хаттама)
«ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» АҚ және «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС		
108	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау»	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы

	БМАС нысандарынан өндірістік-ағын суды «тауар суды) тасымалдау және қабылдау қызметтерін көрсету шарты	6 желтоқсандағы шешімі (№36 хаттама)
«Қазақстан – Британ университеті» АҚ		
109	«Магистральды құбырлар» оқулығының 100 данасын демеушілік (қайырымдылық) көмек ретінде беру	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 1 қарашадағы шешімі (№31 хаттама)
«Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ		
110	- магистральды құбырлармен су беру қызметтерін көрсету шарты («Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен 1 260 м3 көлемінде техникалық су және «Құлсары – Прорва – Сарқамыс» суағызғысымен 2 150 м3 көлемінде ауызсу беру қызметтері)	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы шешімі (№35 хаттама)
111	«KEGOC» АҚ-тың «Индер-220» ҚС-да электр жабдықтарын және электр қондырғыларын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуіне арналған шарт	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ		
112	- мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы шешімі (№36 хаттама)
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС		
113	- көлік экспедициясы шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 6 желтоқсандағы шешімі (№36 хаттама)
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ		
114	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Орал мұнай құбыры басқармасы Өндірістік қызмет көрсету базасының қажеттіліктері үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың газ жеткізу шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
115	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Орал мұнай құбыры басқармасы Өндірістік қызмет көрсету базасының қажеттіліктері үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	
116	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы Өндірістік қызмет көрсету базасының қажеттіліктері үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың газ (табиғи газ) жеткізу шарты	
117	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы Өндірістік қызмет көрсету базасының қажеттіліктері үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	
118	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Өзен»	

	БМАС қажеттіліктері үшін табиғи газ сатып алу-сату шарты	
119	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Бейнеу» МАС, «Жетібай» МАС және «112 км» МҚС қажеттіліктері үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың табиғи газ тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	
«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС		
120	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау» БМАС, «Ақтау» ӨТҚЖЖЖБ, «112 км» МҚС, әкімшілік ғимаратын (асхана) сумен жабдықтау үшін ауызсуды өзі әкеліп беру шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
121	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау» БМАС үшін жылу қуатын және ыстық су беру шарты	
122	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау» БМАС үшін жылу қуатын бумен беру және конденсатты қайтармау шарты	
123	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «Ақтау» БМАС үшін дистиллят беру шарты	
124	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы нысандарын электрмен жабдықтау шарты	
«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС және Маңғыстау облыстық әкімшілігі энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының «Жылу, су құбыры желілері және су тармағы» ҚКК		
125	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы әкімшілік ғимаратының, жатақханасының және Оқу-курстық комбинатының қажеттіліктері үшін ауызсу мен техникалық су беру шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
126	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының және Оқу-курстық комбинатының әкімшілік ғимаратын	
«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС және Ақтау қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау электр желілері басқармасы» ҚКК		
127	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының (әкімшілік ғимарат, әлеуметтік сала, жатақхана) және Оқу-курстық комбинатының нысандарын электрмен жабдықтау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС және «Электрмен жабдықтау басқармасы» ЖШС		
128	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы нысандарын (өнеркәсіп базасындағы қоймалар) электрмен жабдықтау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)

«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС және «Ақтау халықаралық теңіз сауда кемежайы» РМК		
129	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы нысандарын (№4, 5, 8, 9, 10 айлақтар) электрмен жабдықтау қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«МАЭК – Қазатомөнеркәсібі» ЖШС және «Buzachi Operating Ltd» компаниясы		
130	- «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы «солтүстік Бозащы» МАС үшін электр қуатын беру шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«Энергоинформ» АҚ		
131	- «KEGOC» АҚ-тың «Индер-220» ҚС телекоммуникациясына қызмет көрсету арналған шарт	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
«ҚМГ Қашаған Б.В.» жауапкершілігі шектеулі жеке меншік компания		
132	- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың көлік экспедициясы қызметтерін көрсету шарты	Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы шешімі (№38 хаттама)
133	- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарты	

2. Аудитор туралы ақпарат

	Аудиторлық ұйымның атауы	Қоғамға көрсетілген қызметтер	Қызметтер көрсету кезеңі
1	«Эрнст энд Янг» ЖШС	аудиторлық қызметтер	2008 – 2012 жылдар 2002 – 2006 жылдар
2	«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС	аудиторлық қызметтер	2007 жыл

3. Тәуелсіз аудиторлар қорытындысы және 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржы есептілігі

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Қазақстан, Алматы
Әл Фараби, 77/7
«Есентай тауэр» ғимараты
Тел.: +7 (727) 258-59-60
Факс: +7 (727) 258-59-61

Тәуелсіз аудиторлар қорытындысы

«ҚазТрансОйл» АҚ акционеріне

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жасадық, ол 2011, 2010 және 2009 жылдарғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есептерді, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептерді, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептерді және көрсетілген күнге аяқталған жылдардағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп жүргізу саясатының маңызды қырлары туралы ақпаратты және басқа да түсіндірме ақпаратты қамтиды.

Шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты басшылықтың жауаптылығы

Топ басшылығы Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің дайындалуы және шынайы ұсынылуы үшін, сондай-ақ алаяқтықтың немесе қателіктің салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржы есептілігінің дайындалуын қамтамасыз ету үшін басшылықтың пікірінше қажетті ішкі бақылау рәсімдері үшін жауапты болады.

Аудиторлардың жауаптылығы

Біздің міндетіміз – өзіміз жүргізген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржы есептілігі туралы пікір білдіру. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің этикалық нормаларды сақтауымызды, ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржы есептілігінде елеулі бұрмаланулардың жоқ екендігіне жеткілікті түрде сенімді болу үшін аудитті жоспарлауды және өткізуді талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржы есептілігінде ұсынылып отырған сомаларға және ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдер жүргізуді қамтиды. Рәсімдерді таңдау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде шоғырландырылған қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда аудитордың пайымдауына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір

білдіру үшін емес, нақты жағдаяттарда қажетті аудит рәсімдерін айқындау мақсатында шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындауға және шынайы ұсынуға қатысты ішкі бақылау қырларын қарайды. Аудит таңдалған есеп жүргізу саясатының орындылығын және басшылық жасаған есептік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас алғанда шоғырландырылған қаржы есептілігінің ұсынылуын бағалауды да қамтиды.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі айтарлықтай деп есептейміз.